

# «112 RESORT AQTAU» ДЕМАЛЫС БАЗАСЫ АШЫЛДЫ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН «112 RESORT AQTAU» ДЕМАЛЫС БАЗАСЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРІ ШЫҢҒЫС ӘРИНОВ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТІЛЕК ЖЕТКІЗГЕНҒЫЛЫ ҚАТЫСТЫ.

Салтанатты жиында Тілек Жеткізгенұлы құтқарушылар мен азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін жаңа демалыс орнының ашылуымен құттықтап, нысанның әлеуметтік маңызына тоқталды.

– Құтқарушылар мен төтенше жағдайлар саласының қызметкерлері кез келген уақытта азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғауға дайын тұрады. Олардың еңбегі үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап етеді. Бүгін ашылып отырған демалыс базасы – осы сала мамандары мен олардың отбасыларына көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың маңызды бағыттарының бірі. Мұнда қызметкерлердің тынығып, күш-қуатын қалпына келтіруіне және отбасымен бірге уақыт өткізуіне барлық жағдай жасалған. Жаңа нысан азаматтық қорғау қызметкерлерінің игілігіне қызмет етсін, – деді Тілек Жеткізгенұлы.

Іс-шара барысында азаматтық қорғау жүйесін дамытуға үлес қосқан бірқатар қызметкерлер мен кәсіпкерлер Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық наградаларымен

марапатталды. Сонымен қатар «112 Resort Aqtau» демалыс базасының алғашқы демалушыларына арнайы сертификаттар мен төсбелгілер табысталды.

«112 Resort Aqtau» демалыс базасы Ақтау қаласының Жылы жағажай аумағында, Каспий теңізінің жағалауында орналасқан. Нысанның құрылысы 5 гектар аумақта 2025 жылғы 6 желтоқсанда басталған.

Жоба аясында жалпы 45 капсулалық үйшік орнату жоспарланған. Қазіргі уақытта бірінші кезең бойынша демалушыларға арналған 7 капсулал-



ық үйшік, құтқарушыларға арналған 1 капсулалық үйшік, балалар мен ересектерге арналған бассейндер, әкімшілік ғимараты, кафе, барбекю аймағы, автотұрақ, балалар ойын алаңы және пирс пайдалануға дайын.

Әр капсулалық үйшік 4 адамға – 2 ересек және 14 жасқа дейінгі 2 балаға арналған. Үйшіктер қажетті тұрмыстық техникамен және жабдықтармен қамтамасыз етілген. Демалыс базасы электр, газ және сумен жабдықтау, кәріз жүйесі және кірме жолдар секілді қажетті инфрақұрылыммен қамтылған.

Салтанатты рәсім соңында қонақтар нысанның лентасын қиып, демалыс базасының аумағы мен инфрақұрылымымен танысты.

Жаңа демалыс базасы Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, сапалы демалысын ұйымдастыруға және олардың отбасыларымен бірге уақыт өткізуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

# «ТАЗА ТЕҢІЗ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА «ЗАҢ МЕН ТӨРТІП» ҚАҒИДАТЫН, СОНДАЙ-АҚ «АДАЛ АЗАМАТ» ЖӘНЕ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА «ТАЗА ТЕҢІЗ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Іс-шараны Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті экономикалық тергеп-тексеру қызметінің еріктілерімен бірлесіп өткізді.

Акцияның негізгі мақсаты – Каспий теңізі жағалауының тазалығын сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру және еріктілер қозғалысын дамыту.



Іс-шара барысында еріктілер теңіз жағалауын тұрмыстық қалдықтардан тазартып, табиғи аумақтың тазалығын сақтауға өз үлестерін қосты.

«Таза теңіз» акциясы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында экологиялық мәдениетті арттыруға және Каспий теңізінің жағалау аумағын таза ұстауға бағытталған жұмыстардың бірі болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ «ЖАС САРБАЗ» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ХІІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЙБЫН–2026» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫНДА ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТІП, ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ ІІІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ.

21 – 27 маусым аралығында Ақмола облысының Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы әскери колледждің «Амандық» оқу-жаттығу орталығында өткен халықаралық байқауға 1000-ға жуық жас қатысты. Маңғыстаулық жас сарбаздар бірнеше бағыт бойынша бақ сынап, бірқатар жүлделі орындарды еншіледі.

Атап айтқанда, «Smart Sarbaz» робототехника сайысында І орын, «Айбын дарыны» байқауында, автоматты бөлшектеу және жинақтау, сондай-ақ турникке тартылу сайыстарында ІІ орын, әскери эстафетада ІІІ орын алды. «Айбын жұлдызы» әскери-патриоттық әндер байқауында маңғыстаулықтар «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болды.

Жекелеген сайыстарда да өңір жастары үздік нәтиже көрсетті. С.Қондыбай атындағы №22 мектеп-гимназиясының оқушысы Камила Костромина 1000-ға жуық қатысушының арасынан «Үздік жас сарбаз» атағына ие болды. Автоматты бөлшектеу және

# ЖАС САРБАЗДАР «АЙБЫН – 2026» – ДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



жинақтау бойынша Махаббат Амандық жекелей есепте І орын алды. Ұлттық ойындардың бірі – бес асықтан Амина Нұрлибаева ІІ орын иеленді.

Ал Бекқали Ануар турникке тартылудан ерекше нәтиже көрсетті. Ол 46 рет тартылып, жарысқа қатысқан 1000-ға жуық жас арасындағы үздік көрсеткіштердің бірі тіркеді.

Маңғыстаулық жас сарбаздардың бұл нәтижесі олардың әскери-қолданбалы дайындықтағы шеберлігін, ұйымшылдығы мен табандылығын көрсетті. Жасөспірімдердің мұндай жетістігіне жетекшілер мен жаттықтырушылардың жүйелі еңбегі, ұстаздар мен ата-аналардың қолдауы да зор үлес қосты.

Команданы дайындауға С.Қондыбай атындағы №22 мектеп-гимназиясының алғашқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушысы Нариман Табынбай және №24 мектептің АӘЖТД ұйымдастырушысы Аянбек Тұржан жетекшілік етті.

Маңғыстаулық жас сарбаздардың «Айбын – 2026»-дағы жүлделі нәтижесі – өңірдегі әскери-патриоттық тәрбиенің жүйелі жүргізіліп келе жатқанын көрсететін маңызды жетістік.

Г. САРСЕНБАЕВА,  
С.Қондыбай атындағы  
№22 мектеп-гимназиясының  
тәрбие жөніндегі орынбасары.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Dunga Operating GmbH» филиалы қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлайды.

**Жобалардың атауы:** «Маңғыстау облысындағы Доңға кен орнында ҰЖОЖ-дан (күрделі жөндеу жұмыстары) шығатын сұйықтыққа арналған дренаждық сыйымдылық», «Доңға кен орнындағы өндіруші ұңғымаларға сұйықтық мөлшерін есепке алу аспаптарын орнату». Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

**Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты және орны:** 2026 жылғы 17 қыркүйекте сағат 11:00-де, Маңғыстау облысы, Сайын Шапағатов ауылы, мәдениет үйі ғимаратында өтеді.

**Жер учаскесінің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:** 44°06'00" с.е., 50°52'00" ш.б.

**Әсер ету аумағы:** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Сайын Шапағатов ауылы.

**Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері:**

«Dunga Operating GmbH» филиалы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-шағынаудан, 79/1 ғимараты, пошталық индексі 130000 БСН: 00094100-0344, Эколог – Нұрбол Каленов, тел.: 8 (702) 996 9280.

**Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері:**

«Инженерлік орталық» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өнеркәсіптік аймақ 4, 63/3, пошталық индексі 130000 БСН: 010440000382, тел.: +7 (7292) 52-28-43, электрондық пошта: eng-center@mail.ru.

**Онлайн қосылу сілтемесі:**

<https://us05web.zoom.us/j/81788786176?pwd=ULABBP6ZiNV551RuQ7-QTGwh5o3ceZl.1>

**Конференция идентификаторы:** 817 8878 6176

**Қол жеткізу коды:** 4QhgG3

**Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері:** «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жобалардың экологиялық сараптамасы бөлімі – бас маман Базарбай С.С., электрондық пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 (7292) 43-10-88; 8 (778) 113-98-97.


Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналас-тырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) электрондық поштасына, [ndbecology.gov.kz](mailto:ndbecology.gov.kz) порталы арқылы және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында қабылданады.

## БАСПАСӨЗ-2026

### «МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады



Туған өлкеніңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

### «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

| Жазылу түрлері              | Редакция арқылы жазылу бағасы | «Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы | Индекс |
|-----------------------------|-------------------------------|------------------------------------|--------|
| Занды тұлғалар үшін үш айға | 4 092,05 теңге                | 6 470,00 теңге                     | 15492  |
| Жеке тұлғалар үшін үш айға  | 2 046,25 теңге                | 3 236,88 теңге                     | 65492  |

Бұл бос орын  
сіздің  
ЖАРНАМАҢЫЗҒА  
АРНАЛҒАН  
ТЕЛЕФОН: 20-48-42

## LADA GRANTA автокөлігі сатылады.

- \* Жылы: 2016
- \* Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- \* Жанармай: Газ / Бензин
- \* Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- \* Түсі: ақ

Байланыс нөмірі:

8 778 915 15 88

